

Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 132 шешімі және Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 27 маусымдағы № 197 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 1 шілдеде № 3599 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және 27-бабының 2-тармағына сәйкес және Темір ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Темір ауданының Шұбарқұдық және Шұбарши кенттік округтері Шұбарқұдық және Шұбарши ауылдық округтері болып қайта құрылсын.

2. Темір қалалық округі таратылсын.

3. Таратылған Темір қалалық округінің Жамбыл ауылы Темір қаласының әкімшілік бағынысына берілсін.

4. «Ақтөбе облысының статистика департаменті» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

5. Әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

6. Осы әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. МҰХАМБЕТОВ

О б л ы с т ы қ

мәслихаттың хатшысы

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

сессия төрағасы

Д. ДОВМАТЕНКО